



Атырау облысы әкімдігі
Атырау облысы Мәдениет және тілдерді дамыту басқармасы
Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейі

«АТЫРАУ ӨЛКЕТАНУ ОҚУЛАРЫ»

II облыстық ғылыми-тәжірибелік
конференциясының материалдар жинағы

Атырау 2025

**Атырау облысы әкімдігі
Атырау облысы Мәдениет және тілдерді дамыту басқармасы
Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейі**

«АТЫРАУ ӨЛКЕТАНУ ОҚУЛАРЫ»

**II облыстық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар
жинағы**

Атырау 2025

ӘОЖ 908
КБЖ 26.89
А92

Ұйымдастырушылар:

Атырау облысы әкімдігі
Атырау облысы Мәдениет және тілдерді дамыту басқармасы
Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейі

Жауапты редактор:

М.Қ.Кипиев

Жинақты құрастырғандар:

А.Т.Рамазанова, А.Г.Тусупкалиева, Д.Қ.Сатимова

А92 **Атырау өлкетану оқулары: II облыстық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинағы.** – Атырау: Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейі, 2025. – 392 б.

ISBN 978-601-7014-14-8

Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейімен өткізілген «Атырау өлкетану оқулары» II облыстық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағына облыстағы зерттеуші-ғалымдар, өлкетанушылардың Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Атырау өлкесі, Атырау өлкесінің табиғаты, географиясы, топонимикасы, археологиясы, этнографиясы, фольклоры, тарихы, ескерткіштері, музей ісі туралы жұмыстары енген.

Конференцияның материалдар жинағы жаратылыстану мен гуманитарлық ғылымдар саласындағы мамандармен қатар, өлкетанушылар, мұғалімдер, оқытушылар, орта және жоғары оқу орындарының студенттерімен Атырау өлкесінің зерттелуіне қызығушылық танытқан көпшілік оқырмандарға арналған.

ӘОЖ 908
КБЖ 26.89

ISBN 978-601-7014-14-8

© Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейі

Мазмұны

Пленарлық отырыс

Тәж-Мұрат М.Ә. Атырау өңіріндегі жыршылық дәстүр: мәселесінің қойылысы, перспективасы.....	6-9
Қатран Д. Жергілікті ерекшеліктер: Атырау өңіріндегі этнографиялық мәліметтер мысалында.....	10-18
Кипиев М.Қ. Атырау тарихы: XVII-XX ғасырлардағы картографиялық, фото және өзге де архивтік құжаттарда.....	18-22
Шамғонов А.Ш., Далеуова А.А. Миноментші Боран Нысанбаевтың өшпес ерлігі....	22-28
Бердіғожин Л.Б. Мақат ауданы 1941-1945 жылдарда: ерлік пен елдік шежіресі.....	28-33
Қайырғалиева Г.Қ., Бисембиев О.А. Жәрдемғазиев Ж.Б., Байбарақ батыр.....	34-38
Хасанов Қ. Киелі Сарыкөлдің болашағы қандай.....	38-40
Касенов М.С., Кипиев М.Қ., Базарбаев Ғ.М. Қарабау-2 обасындағы археологиялық зерттеулердің нәтижесі.....	41-51

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Атырау өлкесі

Өтеғалиев М.Р. Мәртебелі туды үш рет алған» Новобогат ауданының тылдағы ерен еңбегі хақында.....	52-59
Дәрелов Т.Д., Сұлтанов С.Қ. «Арулар аз болды ма атқа қонған».....	60-66
Қазанбаев Ж.А. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қазақстан халқы мен атырау қаласындағы өндірістік өзгерістер.....	67-70
Амантурлин Ж.И. Дала поштасынан.....	70-75
Керешев С.К. Ұлы Жеңіске үлес қосқандар.....	76-80
Қойшекен С.Ж. Гурьев-Астрахан» теміржолын салудағы тыл еңбеккерлерінің тағылымды ісі.....	81-88
Сисенов Б.А. Қызылқоғаның қаһармандары.....	89-91
Дагарова Ұ.М. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Атырау өлкесі.....	92-97
Ахтамғалиева Г.Х. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Атырау облысы.....	98-100
Қорғанбаева Ж.М. Неміс жауынгерінен атаулы сыйлық.....	101-104
Анкашева Г.М. Жылыой ауданы Ұлы Отан соғысы жылдарында.....	105-107
Қойшекен С.Ж. Ер есімі – ел есінде.....	108-113
Шарафиденова В.У. Ұлы Отан соғысы батырлары есімдерінің ономастикада көрініс табуы.....	113-118
Сатыбалдиев А.М., Хайрошова Ж.Н. Еліне қорған, ұрпағына үлгі болған биік тұлға.....	118-121
Хожакова Б.Н. Өмір майдан.....	122-129
Орынбасаров А.О. Ұлы Отан соғысы кезіндегі қазақ дивизияларының жауынгерлік тулары: ерлік пен даңқ имволы.....	130-132
Наурызова Н.А. Халық қаһарманы Хиуаз Доспанова: соғыстан кейінгі қоғамдық қызметі.....	133-136
Сүйеуғалиева Б.Б. Отан деп соққан жүрегі.....	137-142
Наурызбаева М.Т. Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмайды.....	143-147
Тусупқалиева А.Г. Мәңгілік батыр: Мұса Баймұқановтың ерлік жолы.....	147-149
Бердіғожина М.Б. Оралмай қалған Мақаттық-боздақтар.....	149-152
Бердіғожина М.Б. Мақат ауданы сұрапыл, отты жылдарда немесе Мұнайшылар-мұнай бер!.....	153-163
Ибрагимова Э.И. Жеңіс күнін жақындатқан аталарым.....	

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ МЕН АТЫРАУ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ӨНДІРІСТІК ӨЗГЕРІСТЕР

Ж.А.Қазанбаев

Бозоқ музей-қорығының Тарихи – мәдени мұра нысандарын қорғау бөлімінің жетекшісі
Астана қаласы

Аңдатпа. Мақалада Ұлы отан соғыс жылдарындағы Қазақстан халқының өсіп өнуі, 1939-1959 жж. болған екі санақ аралығындағы халықтардың динамикалық өзгерістерді, Қазақстан территориясына және Атырау қаласына өнеркәсіптердің көшіріліп әкелінуі қарастырылады.

Кілт сөздер: Қазақстан, Ұлы Отан соғысы, халық, санақ, фабрика, завод

Биыл Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына да 80 жыл толады. Қазақстанның демографиялық жағдайына Ұлы Отан соғысы қатты әсерін тигізді. Республикадан 1 миллион 200 мың адам Отанды қорғауға аттанды, соның ішінде 410 мың адам өліп, 125 мың адам із-түзсіз жоғалды. Жалпы 500-ден аса қазақстандықтар Кеңес Одағы Батыры атағын алып, соның ішінде 4 адам бұл атаққа екі мәрте ие болды. Соғыс кезінде Қазақстан үлкен тыл болды. Сол кезде Қазақстанға 142 кәсіпорын мекемелері көшіп келді. Ұлы Отан соғысы жылдарында Қазақстанның барлық өңірлері сияқты Атырау (бұрынғы Гурьев) қаласына да бірнеше завод-фабрикалар эвакуацияланып, көшірілді. Атап айтатын болсақ, Мәскеу, Ленинград, Украина, Белоруссиядан көшірілген кішігірім цехтар мен шеберханалар Атыраудағы бұрынғы кәсіпорындардың базасында орналастырылды. Бұл цехтар соғысқа қажетті жабдықтарды жөндеу, қарапайым құрал-саймандарды жасау жұмыстарымен айналысты. Атырау мұнай өңдеу өнеркәсібімен қатар, балық өңдеу саласында маңызды рөл атқарды. Осы салаға қатысты зауыттар мен жабдықтар Волга бойынан, соның ішінде Астрахань мен Саратов жақтардан көшірілді. Балық консервілейтін және өңдейтін цехтар көбейді. Гурьев балық консерві зауыты мен басқа да балық өңдеу орындары майданды ақсерке, қара уылдырық, балық консервілерімен қамтамасыз етті. Әйелдер мен балалар балық өңдеу, егін егу, мал бағу жұмыстарында белсенді еңбек етті.

1941-1945 жылдары тылдағылардың негізгі міндеті соғысты әскери техникамен, қару-жарақпен, азық-түлікпен қамтамасыз ету болды. Ұлы Отан соғысы жылдарында республиканың барлық халқын майданға көмекті күшейте түсуге шақырған үндеулер жарияланып, осыған орай ұсыныстар түсіп жатты. Мысалы, Атырау облысы соғыс жылдарында Кеңес Одағы үшін стратегиялық маңызы бар мұнай өңірі болды. Атыраулық мұнайшылардың көмегімен майданға қажетті жанар-жағармай үздіксіз жеткізіліп тұрды. Ембі, Доссор, Мақат кен орындары күні-түні жұмыс істеп, мұнайшылар арасынан көптеген еңбек ерлері шықты. Сондай-ақ, Атырау халқы өз еріктерімен ақша жинап, танк пен ұшақ жасауға қаражат аударды [1, 154 б.].

Ұлы Отан соғысы кезінде халықтың саны күрт азайды, туу көрсеткіші төмендеді, өлім саны артып, табиғи өсім азайды. Мысалы, 1939 жыл мен 1959 жылдардағы санақ мәліметіне сүйенсек, екі санақ аралығында Ақтөбе облысында халық саны – 62,0 мың адамға, яғни 15,5%-ға өскен, ал Батыс Қазақстанның басқа облыстарында Маңғыстау облысында 36,0 мың адамға, Атырау облысында керісінше – 16,2 мың адамға кеміген, ал Батыс Қазақстан облысында да – 14,4 мың адамға, немесе 3,6%-ға азайған [2, 158 б.].

1939-1959 жылдардағы Қазақстандағы экономиканың дамуы әсерінен халқының санының өсуі негізінен сыртқы көші-қонға, шаруашылықты қалпына келтіруге байланысты, демобилизация, тың игерудің басталуы, өнеркәсіптің дамуына байланысты болды. Бұл әрине Қазақстанның барлық облыстарында болды. Осы факторлардың барлығы облыстағы халықтың демографиялық ахуалына әсерін тигізді.

1941 жылы 1 қыркүйектегі мәлімет бойынша Қазақстанға 24258 адам келді. Соның ішінде ең көбі Шығыс Қазақстан облысына (5353 адам) орналасса, одан кейінгі орынды Ақтөбе облысы иеленді (3713 адам, оның ішінде орыстар – 887 адам, украиндер – 807 адам, белорустар – 93 адам, еврейлер – 1844 адам, поляктар – 13 адам және басқа ұлттар – 69

адам болды) [3, 2 п.].

1940 жылдардың аяғы мен 1950 жылдардың басында Қазақстанның Қарағанды, Ақтөбе, Павлодар, Шығыс Қазақстан, Атырау т.б. үлкен қалалары мен жұмысшы поселкелеріндегі өндіріс орындарында, завод, фабрика және құрылыс ісінің жүргізілуіне байланысты механикалық өсім жоғары болып, бұл халық санының өсуіне әкелді [4, 33 б.].

Салыстырмалы түрде алар болсақ, Қазақстанның Батыс және Оңтүстік аймақтарындағы халық санының өсу қарқыны басқа аймақтарға қарағанда төмен болып, осы екі аймақта 1939-1945 жж. аралығында халық саны елеусіз өсу себептерінің бірі – сыртқы көші-қон процестерінің бұл аймақты терең қамтымағандығы болса, екіншісін соғыс аяқталғаннан кейінгі (1945-1946 жж.) алғашқы кездегі демографиялық көрсеткіштерден іздеуіміз керек. Мысалы, Оңтүстік Қазақстан облысының басқа облыстарға қарағанда соғыс майдандарында адамы көп өлді (94049 адам). Оған соғыс жылдарындағы тылдағы өлім-жітімді ескере отырып, туу көрсеткіші мен туу мүмкіндігінің төмендеуін қоссақ, онда облыс халқының тек табиғи өсім негізінде ғана мардымсыз өскенін анықтаймыз [5, 29 б.].

Айта кету керек, Батыс Қазақстан халқының соғысқа дейінгі саны және т.б. демографиялық көрсеткіштері 1959 ж. ғана қалпына келтірілді. Соғыстың «демографиялық жаңғырығы»: жастық-жыныстық құрылымдағы, ауру мен уақытынан бұрын өлу, туу процестеріндегі диспропорция 1970 жылдардың аяғына дейін сезілді. Батыс аймақта халық 20 жылда 67 мың адамға, соның ішінде қазақтар 1,9 мың адамға (0,3%-ға) өсті (өсімнің 2,8%). Жоғары өсімді көрсеткен: орыстар (37 мың адам (22,3%), өсімнің 55,2%) және немістер (26 мың адам (15,6%) өсімнің 38,8%). Саны да, үлестік мөлшері де кеміген ұлт украиндар болды, саны 4 мың адамға немесе 4%-ға кеміді [6, 29 б.].

Республика бойынша Оңтүстік Қазақстанда ғана қазақтардың өсу қарқыны басқа аймақтарға қарағанда жоғары болып, халық жергілікті тұрғындардың табиғи өсімі есебінен толықтырылды. Аймақ халқының жалпы саны 13,7%-ға өскенде, қазақтар саны 23%-ға өсіп, өсімнің 86%-ын берді. Үлесі де (41,9%), саны да (1156 мың адам) басқа аймақтардан жоғары болды.

1939-1959 жж. арасында механикалық қозғалыс Солтүстік аймақта 24%, Оңтүстікте 15,6%, Орталықта 16,2%-дық оң айырым көрсетсе, Шығыс пен Батыста, керісінше, халықтың ауылдық жерлерден көптеп кетуіне байланысты теріс айырым көрсетті (тиісінше, - 11,6% және - 26%) [7, 29 б.].

Тарихи демографияның зерттеу негізіне алатын нысандарының бірі – Қазақстан халықтың жасы мен жыныстық құрамындағы өзгерістер. Халықтың жастық көрсеткіштерін анықтап, талдау арқылы елдегі қартаю мен жасарудың өсу немесе кему деңгейі анықталады. Ал бұл өз кезегінде еңбек ресурстарының қай шамада екендігінен хабар береді.

Халықтың жыныстық құрамына келетін болсақ, ол елдегі демографиялық ахуалдың, некелесудің, ажырасу мен жесір қалудың әлеуметтік-экономикалық жағдайға өзіндік бір үлесі бар екендігін көрсетеді.

Бұл кезеңдерде ер адамдардың қоғамның күшке жүгінген белсенді мүшелері ретінде шығыны көбейіп, саны азаятыны мәлім.

1959 ж. санақтағы ер адамдар үлесінің 1939 ж. санаққа қарағанда төмен болуы Екінші дүние жүзілік соғысқа байланысты болса, одан кейінгі санақтар жыныстық құрылымдағы ер адамдар үлесінің әлі де төмен екендігін көрсеткенімен оның өсіп келе жатқанынан хабардар етті.

Ұлы Отан соғысы жылдарында Қазақстанда демографиялық дағдарыс жүрді. Табиғи өсім төмендеп, халық саны көші-қон есебінен де кеми түсті.

1939-1945 жж. республика халқы 460,2 мың адамға кеміді. Ұлы Отан соғысы кезінде 1202 мыңдық шығыны болған халықтың 1939-1946 жж. аралығында 460,2 мың адамға ғана кемуі 1939-1941 жж. мен 1945-1946 жж. аралығындағы табиғи өсім мен көші-қон арқасында мүмкін болды. Қазақстан халқы 1939 ж. 6394 мыңнан 1941 ж. 6425 мың адамға өсіп, 31 мың (0,5%) адамға көбейді. 1941 жылдан 1945 жылдың 1-қаңтары арасында халық саны 6425 мыңнан 5808 мыңға түсіп, 617 мыңға кеміді. 1946 жылы 5933,8 мың адам есепте тұрды

(1941 жылғы мөлшердің 92,4%). 1945 жылдың 1 қаңтары мен 1946 жылдың 1 қаңтары арасындағы халық санының 125 мыңдық өсімін республикаға соғыстан қайт қандар берді. 1946 жылдың бас кезіндегі резвакуация мен демобилизация аяқталғаннан соң Қазақстан халқының нақты саны айқындалды. 1941-1946 жылдар арасында Қазақстан халқы 549 мың адамға (8,5 %-ға), жылына 109,9 мың адамға кеміген [8, 27, 30 бб.].

Соғыс жылдарындағы мобилизация мен эвакуацияға, соғыстан кейінгі демобилизация мен резвакуацияға және депортацияға негізделген демографиялық қозғалыстың салдары республика халқының сандық құрамы мен оның көпұлттылығына әсер етті.

Соғыстан кейінгі жылдары Қазақстанға келетіндердің саны азайған жоқ. Бұл ауылшаруашылығын дамыту кезіндегі мамандарға деген сұранысты сырттан келгендер есебінен қанағаттандыруға байланысты болды. Сондай-ақ, ірі өндіріс орындары, завод, фабрикалардың көптеп салынуына байланысты басқа республикалардан адамдар көптеп келе бастады.

1937 жылы Қазақстан мен Орталық Азияға еріксіз түрде 95421 адам кәрістер көшірілді. Оларды негізінен Алматы, Оңтүстік Қазақстан, Ақтөбе, Қостанай, Батыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан, Қарағанды облыстарына орналастырды. Соның ішінде Ақтөбе облысына – 1874 кәріс көшірілді. Кәрістермен қоса 1937 жылы күрдтер, ассирийліктер, ирандықтар және түріктер жер аударылды. Олар негізінен Қазақстанның оңтүстік аудандарына орналастырылды. 1944 жылы Шешен-Ингуш АКСР таратылып, Қазақстанға 344589 адам келді, соның ішінде Ақтөбе облысына – 20309 адам орналастырылды [9, 65-66 бб.].

Ұлы Отан соғысы кезінде Қазақстанда көші-қон легі жедел өсті. Кеңес Одағының Батыс аймақтарынан эвакуацияланып келгендерден бөлек, қайтадан тұтас халықтарды Қазақстанға жер аудару бастады. 1944 жылдың ақпанында Орта Азия мен Қазақстанға еріксіз түрде шешендер мен ингуштерді, наурыз айында балкарларды, қарашада месхитин-түріктерді, сонымен қатар қырым татарларын, қарашайлар мен басқа халықтарды жер аударды.

1949 жылдың 1 қаңтарындағы мәлімет бойынша Қазақстандағы арнайы қоныстандырылғандардың саны 820165 адам болды [10, 65-66 бб.].

Соғыс жылдарында Атырау қаласына көшірілген зауыт-фабрикалар уақытша емес, кейін кейбіреуі негізге айналып, қаланың өнеркәсіптік дамуына ықпал етті. Атырау облысы соғыс жылдарында майдан үшін аса маңызды рөл атқарды: мұнай берді, азық-түлікпен қамтамасыз етті, мыңдаған сарбаздар аттандырды. Бұл өңірдің тұрғындары майдан мен тыл бірлігінің жарқын үлгісін көрсетті.

1939-1959 жж. Қазақстан халқының санының өсімі, сыртқы миграцияға, соғыстан кейінгі шаруашылықты қалпына келтіруге келгендер, демобилизация, тың игерушілер, кәсіпорындарға әкелінген маман-жұмысшылар санына байланысты болды. Аталған факторлар республикадағы демографиялық ахуалға елеулі әсер тигізді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Балақаев Т., Алдажұманов Қ. Қазақстан еңбекшілері майдан қызметінде. – Алматы: Ғылым, 1985. 154-б.
2. Сдыков М.Н. Население Западного Казахстана: история формирования и развития (1897-1989 гг.). – Алматы: Ғылым, 1995. – 220 с.
3. ҚР ПМ. 725-қ., 4-т., 227-іс, 2-п.
4. Құдайбергенова А.И. Қазақстан халқының әлеуметтік және ұлттық құрамындағы өзгерістер (1939-1959 жж.): Т.ғ.к. .. автореф. – Алматы, 2000. – 30 б.
5. Асылбеков М.Х., Құдайбергенова А.И. Қазақстан халқының әлеуметтік-демографиялық жағдайы (1939-1959 жж.). – Алматы: Өркениет, 2005. – 160 б.
6. Асылбеков М.Х., Төлешова Л.Х. Қазақстан тарихи демографиясының даму белестері. – Алматы: Өркениет, 2002. – 144 б.
7. Асылбеков М.Х., Құдайбергенова А.И. Қазақстан халқының әлеуметтік-демографиялық жағдайы (1939-1959 жж.). – Алматы: Өркениет, 2005. – 160 б.
8. Асылбеков М.Х., Төлешова Л.Х. Қазақстан тарихи демографиясының даму белестері. – Алматы: Өркениет, 2002. – 144 б.

Жеке кәсіпкер «ЕРҰЛАН»

Басуға 05.12.2025 қол қойылды. Пішімі 60x84 1/8.
Офсеттік басылым. Офсеттік қағаз. Қаріп түрі «Times New Roman».
Шартты баспа табағы 24.5. Таралымы 200 дана.

Кітап тапсырыс берушінің дайын
файлдарынан «Принт плюс» баспаханасында басылды.
040700, Қазақстан Республикасы, Алматы облысы,
Іле ауданы, Өтеген батыр кенті, С.Сейфуллин көшесі, 2В.
Байланыс нөмірі: +7 701 712 01 73, E-mail: kairatzan@mail.ru.